



Бекітемін:  
директоры:  
М.Саметов

**Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебі  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Педагог - ұйымдастырушының «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы  
аясында 2024-2025 оқу жылына арналған  
жұмыс жоспары**

**2024-2025 оқу жылы**

## ТҮСІНІК ХАТ

### «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

- **Бағдарламаның мақсаты:**

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

- **Бағдарламаның міндеттері:**

- ✓ **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;  
адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;  
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

- ✓ **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;  
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;  
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;  
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

- ✓ **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;  
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;  
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;  
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

- ✓ **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;  
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

- **Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

**Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

**Қазан айы** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

**Қараша айы** – әділдік және жауапкершілік айы;

**Желтоқсан** – бірлік және ынтымақ айы;

**Қаңтар** – заң және тәртіп айы;

**Ақпан** – жасампаздық және жанашылдық айы;

**Наурыз** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

**Сәуір** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

**Мамыр** – бірлік және ынтымақ айы.

- **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

- ✓ **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;

Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;

азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;

мемлекеттік тілді меңгеру;

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;

әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;

Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

- ✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;

сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;

тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;

бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;

басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

- ✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;

әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;

оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;

берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;

басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;

тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;

қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

✓ **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;

түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;

өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;

еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;

жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

✓ **Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық**

Құзыреттілік: шығармашылық

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

Тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өз шешімдері мен идеяларын ұсына білу;

Өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;

бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;

модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы

қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;

оқу есептерін шешудің онтайлы тәсілдерін табу, олу үшін жанааларын қолдану және бұрыннан

таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;

әртүрлі таным құралдарын қолданудағыдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық

мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

**Әр айдың іс-шаралары :**

күнделікті

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымының оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу
- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тындау апта сайын

### Қыркүйек – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

| р/с | Негізгі жұмыс бағыттары                             | Іс-шара атауы                                                                           | Мерзімі          | Жауаптылар                                                                                                                      |
|-----|-----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс   | І-қыркүйек – Білім күні «Мектебім – мейірім мекені»                                     | 1.09.2024ж       | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев                                                    |
| 2   | Тіл мамандарымен бірлескен жұмыс                    | Тілдер мерекесіне орай «Тілі бірдің – туы бір» апталық, сайыс сабақ, іс-шара            | 5.09-16.09.2024ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Қазақ тілі пәні мамандары                       |
| 3   | Тәрбие одағымен Сынып жетекшілермен Бірлескен жұмыс | «Ұшқыр ой алаңы» «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте», «Көп тіл білу қажет пе?» | 10.09.2024ж      | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев                                                    |
| 4   | Тәрбие одағымен, АІБ-нің қызметкерлерімен           | Құқық бұзушылықтың алдын алу. АІБ-нің қызметкерлерімен кездесу                          | кезінде          | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Психолог: Е.Бектемиров<br>АІБ-нің қызметкерлері |

## Қазан – Тәуелсіздік және Отаншылдық айы

*1 қазан – Қарттар күні*

*5 қазан – Мұғалімдер күні*

*24 қазан – кітапханашылар күні*

*25 қазан – Республика күні*

| р/с | Негізгі жұмыс бағыттары                           | Іс-шара атауы                                                                                                        | Мерзімі     | Жауаптылар                                                                                                      |
|-----|---------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен                 | Қарттар күніне арналған «Қарттарым асыл қазынам» ауыл қарттарымен кездесу                                            | 1.10.2024ж  | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева                                       |
| 2   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс | 5 қазан – Ұстаздар күні<br>«Ұстазым өзіңменен мақтанамын» іс-шара                                                    | 4.10.2024ж  | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева                                       |
| 3   | Кітапхана меңгерушісімен бірлескен жұмыс          | Бір отбасы – бір кітап. Балалар жазушысы Б.Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл. «Жүйріктен жүйрік озара жарысқанда» сайыс | 17.10.2024ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Кітапхана меңгерушісі: Г.Сарбасова |
| 4   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс | «Алтын күз» Күз жәрменкесі, «Күз аруы -2024»                                                                         | 18.10.2024ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Сынып жетекшілер                   |
| 5   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс | 25 қазан – Республика күні<br>Іс-шара,                                                                               | 24.10.2024ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева                                       |

## Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

| р/с | Негізгі жұмыс бағыттары                                | Іс-шара атауы                                                                                                       | Мерзімі     | Жауаптылар                                                                                              |
|-----|--------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1   | Тәрбие одағымен бірлескен жұмыс                        | «Спорттық ойындар» күзгі демалыста                                                                                  | қараша      | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Тәрбие одағы               |
| 2   | Тәрбие одағымен, үйірме жетекшілерімен бірлескен жұмыс | Домбыра бабадан қалған асыл мұра (домбыра асбабын ұлықтау) ауыл тұрғыны, зейнеткер домбырашы А.Есаналиевпен кездесу | 8.11.2024ж  | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева                               |
| 3   | Сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс                    | 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні, көрме, сынып сағаттары                                                      | 14.11.2024ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Сынып жетекшілер           |
| 4   | Тәрбие одағымен бірлескен жұмыс                        | Әншуақ білім алушылар арасында Ән, би байқау өткізу                                                                 | 28.11.2024ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Музыка пәні мұғалімі: Е.Жолдас<br>Ұйымдастырушы пед: Сахаев Ә |

### Қаңтар – заң және тәртіп айы

| р/с | Негізгі жұмыс бағыттары                           | Іс-шара атауы                                                | Мерзімі     | Жауаптылар                                                                                               |
|-----|---------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|-------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс | Оқушылардың қысқы демалыс кезінде түрлі жарыстар ұйымдастыру | кезінде     | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева                             |
| 2   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс | «Еңбек ерлікке бастайды» Ысқақ Бегман Саттарұлымен кездесу   | 14.01.2025ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева                             |
| 4   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс | Жігіт сұлтаны<br>«Жігітке жеті өнерде аз» сайыс              | 31.01.2025ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева                             |
| 5   | Тәрбие одағымен бірлескен жұмыс                   | XXI – ғасыр көшбасшысы интеллектуалды сайысы                 | 30.01.2025ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Кітапханашы: Г.Сарбасова |

**Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы**

| р/с | Негізгі жұмыс бағыттары                           | Іс-шара атауы                                                        | Мерзімі      | Жауаптылар                                                                                                            |
|-----|---------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|--------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1   | Үйірме жетекшілерімен жұмыс                       | II – дәрежелі «Айбын иегері»<br>Н.Арымбаевты еске алу<br>Іс-шара     | 7.02.2025ж   | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Үйірме жетекшілері                    |
| 2   | Кітапхана меңгерушісімен                          | М.Мақатаевтың туылған күніне орай<br>«Жырлайды жүрек» әдеби жыр кеші | 10.02.2025ж  | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Кітапхана меңгерушісі:<br>Г.Сарбасова |
| 3   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс | Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу<br>«Ерлік ұрпаққа - мұра»        | 14.02.2025ж  | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева                                          |
| 4   | Тәрбие одағымен бірлескен жұмыс                   | «Бұлақ көрсең көзің аш» Отбасы бақыты                                | 21.02.23025ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева                                          |
| 5   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс | Көркемөнерпаздар фестивалі                                           | кезінде      | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Тәлімгер: С.Қалдарбекова<br>Ұйым пед: А.Сахаев                              |

### Наурыз - тәуелсіздік және отаншылдық айы

| р/с | Негізгі жұмыс бағыттары                            | Іс-шара атауы                                                                       | Мерзімі     | Жауаптылар                                                                                                                 |
|-----|----------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|-------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс  | «Алғыс айту күні»<br>«Алғыс айту парызымыз» чөлентж                                 | 28.02.2025ж | ДТДЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Тәлімгер С.Қалдарбекова                       |
| 2   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс  | «8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні» мерекелік іс-шара                               | 6.03.2025   | ДТДЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Үйірме жетекшілер                             |
| 3   | Үйірме жетекшілерімен жұмыс                        | Ұлттық өнер көрмесі. «Шеберлер ауылы: көрме                                         | 11.03.2025ж | ДТДЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Тәлімгер С.Қалдарбекова<br>Үйірме жетекшілері |
| 4   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілерімен бірлескен жұмыс | Ұлыстың ұлы күні -22 Наурыз іс-шара                                                 | 17.03.2025ж | ДТДЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Тәлімгер С.Қалдарбекова<br>Сынып жетекшілер   |
| 5   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілерімен бірлескен жұмыс | «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ұлттық ойындар (асық ату, арқан тарту, кір тасын көтеру) | кезінде     | ДТДЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Үйірме жетекшісі: Е.Жолдас                    |

### Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

| р/с | Негізгі жұмыс бағыттары                           | Іс-шара атауы                                                                                          | Мерзімі     | Жауаптылар                                                                                                                           |
|-----|---------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс | Қ.Тыныбековке-78 жыл іс-шара                                                                           | 7.04.2025ж  | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Тәлімгер С.Қалдарбекова                              |
| 2   | Үйірме жетекшілерімен жұмыс                       | Сөнбес жұлдыз .Сурет байқауы                                                                           | 7.04.2025ж  | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Үйірме жетекшілер                                    |
| 3   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс | 12- сәуір –Ғылым күні<br>12-сәуір Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер күні<br>іс-шара, сурет байқауы | 11.04.2025ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Тәлімгер С.Қалдарбекова<br>Қазақ тілі пәні мамандары |
| 4   | Кітапхана меңгерушісімен бірлескен жұмыс          | Ең үздік оқырман сайысы                                                                                | 18.04.2025ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Кітапхана меңгерушісі:<br>Г.Сарбасова                |
| 5   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс | Атадан өсиет-анадан қасиет<br>.Әкелер мектебі жобасы                                                   | 28.04.2024ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>Ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Әкелер мектебінің төрағасы<br>Б.Мәженов              |

### Мамыр - бірлік және ынтымақ айы

| p/c | Негізгі жұмыс бағыттары                           | Іс-шара атауы                                                                     | Мерзімі     | Жауаптылар                                                                                                                    |
|-----|---------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|-------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс | 1-мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған іс-шара»                 | 30.04.2025ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Тәлімгер С.Қалдарбекова                       |
| 2   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс | 7-мамыр қарулы күштер<br>9-мамыр Ұлы Жеңіс күні<br>«Ер есімі - ел есінде» іс-шара | 6.05.2025ж  | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Тәлімгер С.Қалдарбекова                       |
| 3   | Үйірме жетекшілерімен жұмыс                       | «Кім жылдам» спорттық эстафеталық ойын<br>оқушылар арасында                       | 16.05.2025ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>Педагог<br>ұйымдастырушы: А.Сахаев<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Тәлімгер С.Қалдарбекова<br>Үйірме жетекшілері |
| 4   | Тәрбие одағы, сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс | «Сыңғырла соңғы қоңырау» мектеп бітіру кеші                                       | 25.05.2025ж | ДТІЖО: Қ.Айкузов<br>ҚББП: Г.Бердалиева<br>Тәлімгер С.Қалдарбекова<br>Сынып жетекшілер<br>Ұйым пед: А.Сахаев                   |

Педагог ұйымдастырушы: А.Сахаев